


Ел жүрегі – елорда шежіресі

АСТАНА АҚШШАМЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жаңғырған Жастар сарайы

Өткен күзде, қыркүйек айының басында Астанадағы Жастар сарайы өзінің 42-ші маусымын бастады. Шығармашылық ұжым бұл маусымды үлкен концертпен ашты. Сол күні сарайдың жазғы сахнасында мекеменің студиялары мен ұжымдарының жас дарындары өнер көрсетті. Әншілер, бишілер және актерлер өздерінің үздік өнерлерін ұсынды, ал ұжым жетекшілері жаңа маусымдағы сабақтарға қатысуға ниетті жастарды өз қатарларына шақырды.



Маусымның ашылу рәсімінде Жастар сарайының директоры Сергей Солодовников: «Біздің ғимараттың есігі мейірімді достар мен өнерсүйер қауымға қашанда ашық. Біз мұнда балаларды түрлі бағыттағы билерге, ән айтуға, сурет салуға қуана үйретеміз, театр өнерінің әліппесіне баулимыз. Сонымен бірге, ересектермен керемет кештер өткізіп тұруға құштармыз» деді. Шынында да талай жылдардан бері көптеген шығармашылық ұжыммен қоян-қолтық жұмыс жасасып келе жатқан сарайдың бұл тараптағы тарихы аса бай болатын. Айталық, сарай ашылғалы бері осында туын тіккен «Ровесник» эстрадалық би халық ансамблі былтыр өзінің 73 жылдығын атап өтті.

Сарайда қазіргі таңда төрт кәсіби хореографиялық ұжым жұмыс жасайды. Олар – «Воскресенье» би-спорт клубы, «Ast City Ballet» contemporary ballet мектебі, «Радуга» заманауи және эстрадалық би студиясы, «Время» би театры деп аталады. Осындағы бишілер топтары да бірнеше рет халықаралық және республикалық байқауларды жеңімпаздар тұғырынан көрінген еді. Былтыр Сарай қабырғасында «М-арт» театр студиясы өзінің 3-ші маусымын бастады. Осы қысқа уақыт аралығында театрдың жас актерлері өздерін көрерменге кәсіби шеберліктері жағынан танытып үлгерді. Олар Мәскеуде өткен Бүкілресейлік «АРТ-Лицей» фестивалінің бас жүлдесін жеңіп алды.

Міне, осындай өнер өрінен көрініп келе жатқан ұжымдардың тұрақты мекеніне айналған Жастар сарайы кешегі Ақмола мен Целиноградтың, бүгінгі Астананың көп жылдардан бергі көрікті орындарының бірінен саналып келеді. Ол 1963 жылғы 6 қазанда салтанатты жағдайда ашылған «Тыңгерлер сарайынан» кейін қатарға қосылған екінші осындай ғажайып ғимарат болып табылады. Бұл құтты қоныс 1975 жылғы 20 наурызда есігін айқара ашады.

Ғимараттың қазіргі заманға лайықтанып соғылғанынан бөлек, оның ішінің ыңғайлылығы, жарығының молдығы, құрылыс материалдарын тиімді үйлестірілгені, сыртқы пішінінде мерекелік сипат барлығы анық байқалып тұрушы еді. Сарайға төрт қапталынан кіруге болады. Қажет болған жағдайда көрермендер залы мен спорт залын біріктіріп жіберуге де мүмкіндік бар. Ғимарат 1997-1998 жылдары күрделі жөндеуден өткізіліп, қалпына келтірілген.

Кезінде Целиноград қаласы мен облысының бас архитекторы болған Қазақстанның еңбек сіңірген архитекторы Василий Тоскин қазір Астанада тұрады. Бұрнағы жылы 70 жасын тойлаған ардагер елорданың қоғамдық өмірінен қазір де тысқары қалған емес. Өзінің бүкіл саналы өмірін дерлік осы қаланың өсіп-өркендеуі жолына арнаған. Тың төсіндегі ақшаңқан шаһардың көптеген сәулетті ғимараттарында айшықты қолтаңбасы қалған оның Жастар сарайы дүниеге келуіне де қатысы бар.

Василий Филиппович Тоскин – Ақмола өңірінің тумасы. Ол 1946 жылғы 2 шілдеде облыстың Воробьевка деген ауылында туған. 1970 жылы Новосібір инженерлік-құрылыс институтын бітіргеннен кейін Омбы, Мәскеу қалаларындағы институтта жұмыс жасап, 1971 жылы туған жеріне қайта оралады. Оның Целиноградтағы архитекторлық жұмысы осы Жастар сарайын жобалауға қатысудан басталады. Жобалау жұмыстары 1971 жылы қолға алынып, 1972 жылы нысанның іргетасы да қаланады.



Сарай жалпы ауданы 76 840 шаршы метрді құрайтын 4 қабатты ғимараттан тұрады. Ол ауыспалы екі сахнасы бар 1200 орындық көрермен залынан, 400 орындық трибунасы бар әмбебап спорт залынан, трамплині және көрермендерге арналған галереясы бар суда жүзу бассейніне, көрме залдарынан, изостудия мен кітапханадан, үйірмелер жұмыс жасайтын бірнеше бөлмеден, 150 орындық жастар кафесінен, 50 орындық банкет залынан, вестибюльдерден, холдар мен басқа да баспаналардан тұрды. Зал декоративті-монументті паннолармен, нақыштармен жақсы безендірілген.

Рас, сарай жобасының авторлар тобын біздің жерлесіміз емес, Мәскеуден арнайы шақыртылған Анатолий Полянский есімді танымал архитектор басқарды. Оның құрамына белгілі кеңес сәулетшісі әрі суретші Кирилл Миронов, бас инженер Циля Нахутина, суретшілер Давид Мерперт, Нина Миронова кірді. Ал Василий Тоскин нысан жұмысына құрылыс барысындағы авторлық бақылаушы уәкіл ретінде қатыстырылды. Бірақ бұл қызметтің уәкілдігі де, міндеті де өте үлкен еді. Ол іс жүзінде учаскенің бас жоспарын жасап шықты. Кейін Жастар сарайын жобалағаны үшін архитектор Кирилл Миронов КСРО Министрлер Кеңесінің сыйлығын алады. Василий Тоскиннің айтуынша, Жастар сарайы өзінің ең басындағы жобаланған қалпын толық аяқтап шыға алмаған. Оның қазіргі келбеті сол кешенді нысанның бір бөлігі ғана. Ғимарат толық жасалып біткенде, оның бір жағынан мейманхана орын алып, бірқатар залдар салынуға тиіс екен. Міне, осындай кеңес кезеңіндегі бірде-бір осындай тектес ғимаратқа ұқсай

қоймайтын өзіндік кескінді кешен бұдан бірнеше жыл бұрын тіпті қирап та кете жаздады. Атап айтқанда, 2014 жылдың соңында өткен қалалық мәслихаттың депутаттары кезекті мәжілісінде Жастар сарайын сүргілеп бұзып тастау туралы мәселе талқылауға мәжбүр болды. Қала басшылығының жоспарына сай оның орнына үш концерт залы бар жастардың жаңа мәдени орталығы тұрғызылуы керек екен.

– Жастар сарайы архитектуралық ескерткіш мәртебесінен айрылып, жергілікті мәні бар ескерткіштер тізімінен шығып қалды. Ғимарат пен оның инженерлік жүйесі әбден ескіргендіктен, олар күрделі жөндеу жұмыстарынан өтуі керек. Бірақ ең дұрысы, ғимаратты сүріп тастау болмақ, – дейді сонда елорда мәдениет басқармасының басшысы Болат Мажағұлов.

Алайда депутаттар мұндай шешімге келісе қоймады. Олар Сарайды керісінше тарихи мәні бар нысанға санап, оны қиратып тастағаннан гөрі, күрделі жөндеуден өткізіп, одан әрі сол қалпында пайдалана беру әлдеқайда ақылға қонымды деп білді. Соның нәтижесінде олар қала әкімінің руханият саласына бақылайтын орынбасарына Жастар сарайын қаланың көп жылдардан бергі көркін келтіріп келе жатқан ғажайып ғимарат ретінде сақтап қалу жөнінде депутаттық сауал жолдады. Осыдан кейін бұл әңгімеге де нүкте қойылған сияқты...

Астана қаласы мәдениет басқармасының мәліметі бойынша, елордада қазіргі таңда 46 тарихи-мәдени ескерткіштер бар. Олардың сапын архитектура мен қала құрылысының 34 ескерткіші, 12 археологиялық ескерткіш түзеді.

Бұлардың екеуінің республикалық маңызы болса, қалғандары жергілікті мәні бар жәдігерлер болып саналады. Олардың бәрі де мемлекеттің қорғауында тұр.